




НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқару бойынша ақпарат


Шілде 2020ж.

Зейнетақы активтерінің портфелі

Портфель құрылымы



Валюталық бөлініс





Шоғырландыру аяқталған сәттен басталған кезең үшін (2014 жылдың сәуірі):

- БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелі 4,0 трлн теңгеден **11,8 трлн теңгеге** дейін өсті
- Зейнетақы активтерінің валюталық үлесі 17,4% -дан **33,0%-ға** дейін өсті
- Шетелдік активтер үлесі 6,1% -дан **23,1%-ға** дейін өсті
- Зейнетақы активтерінің бір бөлігін басқаруға шетелдік компаниялар да тартылды

Валюта портфелінің нысаналы аллокациясын өзгерту

2020 жылғы ақпанда БЖЗҚ-ның жаңа инвестициялық декларациясы қабылданды, онда активтердің сыныптары бойынша **нысаналы бөлуді өзгерту** есебінен валюталық портфельдің «тәуекел/кірістілік» көрсеткіші жақсартылды:

- ақша нарығының құралдары басқа активтер бойынша **құбылмалылықты өтеуге** арналған активтер ретінде орта мерзімді қазынашылық облигацияларға **ауыстырылды**;
- дамушы елдер облигацияларының және корпоративтік облигациялардың үлесін азайту есебінен валюталық активтердің **кірістілігін арттыру** үшін акциялардың үлесі **ұлғайтылды**;
- активтердің сақталуы үшін **алтын қосу** мүмкіндігі қарастырылған (шекті ауытқуы + 10% болатын мақсатты мәні 0%).



Валюта портфелінің нысаналы аллокациясын өзгерту

- **Стратегиялық аллокацияға көзқарас:** валюталық активтер бойынша аллокацияны міндетті және үздіксіз сақтауға көшу
- **Валюта портфелін басқаруға көзқарас:** бэнчмаркке қарсы белсенді басқаруға көшу, "buy & hold" қағидатынан ауытқу

Артықшылықтары:

- Активтер класы ішіндегі **әртараптандыруды жақсарту**
- **Бэнчмарк деңгейінен жоғары табыстылықты** қамтамасыз етуді ынталандыру және портфель тәуекелін бақылау
- Портфельді басқару нәтижелерін **объективті бағалау**
- **Жауапкершіліктің аражігін ажырату** және басқарушылардың есептілігін арттыру
- Басқарушылардың нарық өзгерістеріне ден қою **жеделдігі**
- Нарық бойынша портфельді тұрақты қайта бағалау және салымшылар арасында құнның кездейсоқ орын ауыстыруына **жол бермеу**

Зейнетақы активтерін сыртқы басқаруға беру

- **2019 жылғы қарашада** зейнетақы активтерінің валюталық портфелінің бір бөлігін **жаһандық акциялар мен корпоративтік облигациялардың** мандаттары бойынша сыртқы басқаруға **кезең-кезеңімен** беру процесі басталды
- 01.07.2020 ж. жағдай бойынша шетелдік басқарушы компанияға сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтерінің көлемі **970 млн. долларды** құрайды:
 - «Дамушы нарықтардың жаһандық облигациялары» мандаты бойынша «Aviva Investors» **220,0 млн. АҚШ доллары**
 - - HSBC Global Asset Management «Жаһандық пассивті акциялар» мандаты бойынша **250,0 млн. АҚШ доллары**
 - Pgin **300,0 млн. АҚШ доллары** көлемінде және principal Global Investors **200,0 млн, АҚШ доллары** көлемінде «АҚШ долларымен номиналданған жоғары капитализациясы бар инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар» мандаты бойынша
- Зейнетақы активтерін беру үрдісі **бірнеше жыл** ішінде жүзеге асырылатын болады, бұл акциялар мен облигациялар нарығына кірудің қолайсыз сәтінің **тәуекелдерін төмендетумен** байланысты

Зейнетақы активтерін жергілікті нарыққа инвестициялау

2020 жылдың алғашқы 6 айында ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған **2020 жылға** арналған бағыттар шеңберінде зейнетақы активтері есебінен **нарықтық жағдайларда** мынадай борыштық бағалы қағаздар сатып алынды:


- ҚР Қаржы министрлігі шығарған, орташа алынған **жылдық** кірістілігі **10,5%** құрайтын, **823,3 млрд. теңге** сомасына ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары;
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ орташа алынған **жылдық** кірістілігі 10,97% болатын **14,9 млрд. теңге** сомасына облигациялары;
- **жылдық** кірістілігі **12,5%** тең **64,3 млрд. теңге** сомасына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигациялары;
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның **жылдық** кірістілігі **11,75%** болатын **5,6 млрд.теңге** сомасына облигациялары.

Ағымдағы өтімділікті басқару шеңберінде табыстылықты қолдау мақсатында зейнетақы активтерін ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарына инвестициялау жүзеге асырылды (орташа алынған кірістілік **жылына 10,0%**).


Анықтама: қаралып отырған кезеңде инфляцияның жылдық мәні **5,4%-дан 7,0%-ға** дейінгі диапазонда (ағымдағы мәні), ал ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі - **9,25%-дан 12%-ға** дейінгі диапазонда (ағымдағы мәні **9,5%**) құбылды.

Зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыс

2020ж. Басынан бергі инвестициялық табыс,
млрд. теңге



2020ж. 6 айындағы инвестициялық табыс құрылымы, млрд теңге



- Жыл басынан бергі жалпы инвестициялық табыс **566 млрд. теңгені** құрады
- Инвестициялық табыстың **66%-ы (390 млрд. теңге)** қаржы құралдары бойынша сыйақы ретінде есептелген
- Сәуір және мамыр айларындағы кері кіріс теңгенің долларға қатысты құнының наурыз айындағы айтарлықтай әлсірегенінен кейінгі **қатаюына** байланысты

Зейнетақы активтерінің кірістілігі

